

Курчатов қаласы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімінің 2019 жылғы 12 маусымдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 маусымда № 6015 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 23-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37- бабына сәйкес, Курчатов қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімге қосымша Курчатов қаласының аумағында сайлау учаскелері құрылсын.

2. Курчатов қаласы әкімінің шешімінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Курчатов қаласы бойынша сайлау учаскелерінің құрылуы туралы" 2015 жылғы 17 тамыздағы № 9 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4142 нөмерімен тіркелген, 2015 жылғы 01 қазанда "7 дней" газетінде, 2015 жылғы 15 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Курчатов қаласының әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бықылау банкіне мемлекеттік және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрде оның көшірмелерінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы шешімнің мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде аталған қаулының көшірмесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен, конкурстық негізінде осындай құқық алған мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдау;

4) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Курчатов қаласы әкімінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Курчатов қаласының әкім аппаратының басшысы Н. Т. Қошқарбаевқа жүктелсін.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Курчатов қаласының әкімі

А. Глазинский

Курчатов қаласы әкімінің
2019 жылғы 12 маусымдағы
№ 1 шешіміне қосымша

Курчатов қаласындағы сайлау учаскелері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда-Абай облысы Курчатов қаласы әкімінің 29.03.2024 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ 150 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: "Абай облысы Курчатов қаласының қалалық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның ғимараты, Тәуелсіздік көшесі, 2.

Шекаралары: Железнодорожная (толығымен), Самал (толығымен), Құнанбай (толығымен), Курчатов (толығымен), Достық (толығымен), Победы (толығымен), Спортивная (толығымен), Теплоэнергетиков (толығымен), Тәуелсіздік 1Г, 5, 17 көшелері.

№ 151 сайлау учаскесі (жабық сайлау учаскесі)

Сайлау учаскесінің орталығы: "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Абай облысы полиция департаментінің Курчатов қаласының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Абай көшесі, № 12.

Шекаралары: уақытша ұстау изоляторының аумағы.

№ 152 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы білім бөлімінің "№ 2 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Тәуелсіздік көшесі, №10.

Шекаралары: Абай 15, 17, 19, 20, 22, 24, Алексеенко (толығымен) көшелері.

№ 153 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы білім бөлімінің "№ 2 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Тәуелсіздік көшесі, №10.

Шекаралары: Абай 26, 27, 28, 30, Иртышская (толығымен), Школьная (толығымен) көшелері.

№ 154 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы білім бөлімінің "№ 2 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Тәуелсіздік көшесі, №10.

Шекаралары: Тәуелсіздік 19, 21, 23, 25, 31, Рожанович (толығымен) көшелері.

№ 155 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы білім бөлімінің "№ 3 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Олимпийская көшесі, № 3.

Шекаралары: Абай 31, Олимпийская 2, 4, 7, 9, 10, 15, 16 көшелері.

№ 156 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы білім бөлімінің "№ 3 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Олимпийская көшесі, № 3.

Шекаралары: Абай 21, 34, Олимпийская 17, 18, 20, 20А, 21 көшелері.

№ 157 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы білім бөлімінің "№ 3 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Олимпийская көшесі, № 3.

Шекаралары: Абай 25, 36, Олимпийская 23, 25, 27, 28 көшелері.

№ 158 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы білім бөлімінің "Журавушка" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты, Олимпийская көшесі, № 30.

Шекаралары: Абай 47, Олимпийская 29, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39 көшелері.

№ 159 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Курчатов қаласының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Тәуелсіздік көшесі, № 12.

Шекаралары: Абай 38, 44, Тәуелсіздік 33, 35, 37 көшелері.

№ 160 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Курчатов қаласының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Тәуелсіздік көшесі, № 12.

Шекаралары: Абай 45, 46, Тәуелсіздік 41, 45, 47, 49, 51 көшелері.

№ 161 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы білім бөлімінің "№ 4 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Абай көшесі, № 50.

Шекаралары: Абай 43, 49, 51, Олимпийская 40, Көктем (толығымен), Степная (толығымен) көшелері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК